

## РГП «Казгидромет»

### 2024 жылдың қыркүйек айына арналған консультативтік болжам

**Қыркүйек** айында республиканың басым бөлігінде ауа райы салқын және жауын-шашынды болады деп күтілуде, тек республиканың батысында қыркүйектің басында ауа райы негізінен жауын-шашынсыз болады.

Қыркүйекте республиканың солтүстік жартысында жауын-шашын ай бойы жиі жауады, үзіліс 1-3 күнге созылады. Кей күндері республика бойынша қатты жаңбыр жауып, найзағай, бұршақ, екпінді жел күтіледі. Еліміздің солтүстік жартысында жиі тұман күтіледі.

Қыркүйектің бірінші онкүндігінде ауа температурасы:

республиканың **батысында** түнде  $+8+15^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+23+30^{\circ}\text{C}$ ;

республиканың **оңтүстік-батысында** түнде  $+17+25^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+28+35^{\circ}\text{C}$ , тек кей күндері ауа температурасының шамалы төмендеуі байқалады;

Ақтөбе облысында ауа температурасы түнде  $+3+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+17+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін; Қостанай облысында түнде  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -тан, топырақ бетінде үсік болуы ықтимал,  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+10+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды деп күтілуде.

Қазақстанның **солтүстік және орталық** облыстарында түнде  $+2+10^{\circ}\text{C}$  дейін, топырақ бетінде  $2^{\circ}$  үсік болуы мүмкін, күндіз  $+8+15^{\circ}\text{C}$  дейін суытады, онкүндіктің соңында ауа температурасы шамалы жоғарылауы мүмкін.

Республиканың **шығысында** ауа температурасы түнде  $+8+16^{\circ}\text{C}$ -тан  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, онкүндіктің екінші жартысында үсік болуы мүмкін, күндіз  $+12+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды;

Республиканың **оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында** күндізгі ауа температурасы  $+22+30^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды деп болжануда.

Қыркүйектің *екінші және үшінші онкүндігінде* республиканың **солтүстігінде, орталығында және шығысында** түнде ауа температурасы  $+3+8^{\circ}\text{C}$ , кей күндері үсік болуы ықтимал, күндіз ауа температурасы  $+12+19^{\circ}\text{C}$ -тан  $+21+26^{\circ}$ -қа дейін ауытқиды;

Республиканың **батыс және оңтүстік облыстарында** ауа температурасы түнде  $+7+15^{\circ}\text{C}$  болады деп болжануда, топырақ бетінде үсік болуы мүмкін; күндіз  $+25+35^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндікте солтүстік, орталық және шығыс облыстарда жаңбырдың соңы қарға айналуы мүмкін.

Бұл болжам консультативтік болып табылады, оны нақтылау үшін онкүндік және апталық болжамдар шығарылады.